

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 81 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 0                      ж ы л ғ ы                      1 0                      а қ п а н д а ғ ы  
№                      8 1                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ 2010 - 2014 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ Астана қаласы - 2010 ж.**

### **Мазмұны**

1. Миссиясы және пайымдауы
2. Ағымдағы жағдайға талдау
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері
- 3.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің функционалдық мүмкіндіктері
5. Бқтимал қауіптер
6. Мемлекеттік органдардың қол қоюына жоспарланатын келісімдер негізінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл

7. Нормативтік құқықтық актілер және Мемлекет басшысының тапсырмалары

8. Бюджеттік бағдарламалар

### **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің миссиясы:**

Мемлекеттік саясатты әзірлеу, іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және денсаулық сақтау саласындағы қызметтер көрсетуді мемлекеттік реттеу

### **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің пайымдауы:**

Бәсекеге қабілетті салауатты ұлтты қалыптастыруға бағытталған тиімді денсаулық сақтау жүйесі

## **2. Ағымдағы жағдайға талдау**

Халықтың денсаулық жағдайы мемлекеттің өз азаматтарының алдындағы оның жауапкершілік дәрежесін көрсететін әлеуметтік бағдарлылығының ықпалдастырылған көрсеткіші болып табылады. Дамытудың, нығайтудың және азаматтар салауаттылығының ұзақ мерзімді бағдарлары 1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясымен бекітілген болатын. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту сала алдына қол жетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесін құруға бағытталған қағидатты жаңа міндеттерді қоюға мүмкіндік берді.

2004 жылы Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Жолдауын орындау үшін әзірленген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) қабылданды. Мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасында қолжетімді сапалы, әлеуметтік-бағдарланған және экономикалық тиімді жүйені дамытуға бағытталған қажетті шаралар жиынтығын белгіледі.

2007 жылы техникалық жаңғырту, инфрақұрылымды дамыту саласындағы көлемді инвестицияларға бағытталған Мемлекеттік бағдарламаның I кезеңін іске асыру аяқталды, бастапқы медициналық-санитариялық көмекті нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық қызметтің сапасын арттыру міндеттері шешілді.

Қазіргі кезде денсаулық сақтау ісін дамыту институционалдық қайта құрылу, кадр әлеуетін дамыту, сапалы медициналық қызмет ұсыну кезеңіне еніп отыр. Аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру басымдық ала бастады, бұл Мемлекет басшысының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік

саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына 2008 жылғы 6 ақпандағы  
Ж о л д а у ы н д а к ө р с е т і л г е н .

Таяу арадағы бес жылда денсаулық сақтау саласын дамытуға мынадай болжамды  
үрдістер әсерін тигізетін болады:

Үрдістер мен бар өзгерістер	ДСМ жұмысына әсерін тигізетін факторлар
<p>Демографиялық жағдай</p> <p>Күтілетін туудың өсуі: 1 000 адамға 2008 ж. - 22,75; 2 0 1 4 ж . - 2 6 , 0 Халықтың жалпы санындағы балалардың үлес салмағын ұлғайту: 2008 ж. - 24,1%; 2014 ж. - 25,3% 65 жастан асқан адамдардың үлес салмағын төмендету: 2008 ж. - 7,7%; 2014 ж. - 5,7% Еңбекке қабілетті жастағы халықтың саны* (2008 ж. 9509,5 мың адам; 2014 ж. - 9700,7 мың адам) Қала халқы санының өсуі* (2008 ж. - 8395,1 мың адам; 2014 ж. - 9738,3 мың адам)</p>	<p>Ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметке сұраныстың ұ л ғ а ю ы Медициналық қызметке сұраныстың өсуі, жоғары мамандандырылған медициналық көмектің (ЖММК)** жекелеген түрлеріне (кардиохирургия, трансплантология, нейрохирургия) арналған «күту парақтарының» пайда болу ы к т и м а л д ы ғ ы Халықаралық стандарттарға сай келетін қазіргі заманғы денсаулық сақтау объектілеріне қажеттіліктің өсуі</p>
<p>Денсаулық жағдайы</p> <p>Таралған қауіп факторларының (қозғалыс белсенділігінің төмендігі, нәрсіз тамақтану, темекі шегу, алкоголь) халықтың денсаулық жағдайына жағымсыз әсері «Өркениет ауруларымен» сырқаттанушылықтың өсуі: - Қанайналым жүйесі аурулары 2008 ж. - 100 мың адамға 2 1 7 0 , 5 ; 2 0 1 4 ж . - 2 4 6 4 , 7 - қант диабеті 2008 ж. - 135,0; 2014 ж. - 170,1 Мультирезистенттік нысандар үлесінің ұлғаюымен туберкулезден жалпы сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің төмендеуі АИТВ/ЖИТС-тің таралу үрдісінің ұлғаюы Психикалық ауруларды жеткіліксіз анықтау кезінде халықтың психикалық денсаулығының нашарлауы</p>	<p>Әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу жөніндегі медициналық қызметке сұраныстың артуы. Халықаралық стандарттарға сай келетін қазіргі заманғы денсаулық сақтау объектілеріне қажеттіліктің өсуі Медицина кадрларына (кардиохирургтер, эндокринологтер, онкогематологтер) қажеттіліктің өсуі Мультирезистенттік нысандарды емдеу үшін хоспистер мен бөлімшелерге қажеттіліктің өсуіне байланысты туберкулезге қарсы мекемелерде (бөлімшелерде) стационарлық көмекті тұтынудың төмендеуі. Резервтік қатардағы препараттарға деген қажеттіліктің өсуі. Шолушылық эпидемиологиялық қадағалауды күшейтудің және мінез-құлық қауіп топтарында есірткі тұтынудың зиянын төмендету бағдарламаларын енгізудің қажеттілігі. Психологиялық-психиатриялық көмек қызметтеріне қ а ж е т т і л і к т і ң ө с у і . Психикалық бұзылулардың статистикалық есебін жетілдірудің қажеттілігі.</p>
<p>Медициналық қызмет нарығын кеңейту</p>	
<p>Халықтың әл-ауқатының артуы, сапалы медициналық қызметке және қазіргі заманғы дәрілік заттарға сұранысты ұ л ғ а й т у Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізу.</p>	<p>Медициналық қызметті ұсынушылардың арасындағы бәсекелестіктің артуы, ерікті медициналық сақтандыру н а р ы ғ ы н д а м у ы . Емделушінің дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдау принципін енгізу арқылы медициналық ұйымдардың арасындағы бәсекелестік ортаның қалыптасуы.</p>
<p>Қоршаған ортаның әсері</p>	
<p>Табиғи және техногендік сипаттағы факторлар әсерлерінің салдарынан экологиялық жағдайдың нашарлауы</p>	<p>Қоршаған ортаның зиянды факторларына байланысты ауруларды (тыныс алу мүшелерінің аурулары онкологиялық аурулар, аллергиялық аурулар және т.б.) диагностикалау және емдеу жөніндегі медициналық қызметке деген сұраныстың артуы.</p>
<p>Қаржылық дағдарыс</p>	

<p>Әртүрлі салаларда жұмыс орындарының қысқартылуы, денсаулық сақтау саласына медицина кадрларының ағыны күтіліп отыр. Денсаулық сақтау объектілерін салуды бастау мерзімдерінің ауыстырылуы. Ауруханаларды күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуге қаржы қаражатының қайта бөлінуі.</p>	<p>Кадрларды қысқа мерзімді қайта даярлау курстарын ұйымдастырудың қажеттілігі. Авариялық жағдайдағы денсаулық сақтау объектілерінің үлес салмағының төмендеуі.</p>
---	---

Бұл үрдістерді шешуді талап ететін қазіргі уақытта бар жүйелік проблемалармен өзара байланысты қарау қажет:

### **1) Азаматтар денсаулығы төмен деңгейі**

Әйелдер мен балалар денсаулығының жеткіліксіз деңгейі, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралу, қоғамдық денсаулық деңгейінің төмендігі және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен жеткіліксіз қамтамасыз ету тұтас алғанда азаматтар денсаулығы деңгейінің төмендігін айқындайды.

**1-график. 2004 - 2008 жылдарда Қазақстан Республикасындағы демографиялық көрсеткіштердің серпіні (1000 адамға шаққанда)**  
(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Соңғы жылдары Қазақстанда халықтың туу деңгейінің 18,19-дан (2004 жылы) 22,75-ке дейін (2008 жылы) артуы, өлім-жітім көрсеткішінің тұрақтануы - 9,74 (2004 жылы - 10,14), халықтың табиғи өсуі коэффициентінің 1000 адамға 1301 дейін (2004 жылы - 8,05-ге) ұлғаюы байқалады. Демографиялық жағдайда позитивті алға басуға қарамастан, әйелдер мен балалар денсаулығының төмен деңгейі сақталуда. Ұрпақты болу денсаулығы проблемасы өзекті күйінде қалып отыр, 16/%-ға дейінгі неке ұрықсыз болып отыр. Аналар өлім-жітімінің көрсеткіші төмендеуіне қарамастан оның деңгейі жоғары күйінде қалып отыр, 2008 жылы бұл көрсеткіш 100 000 тірі туғандарға шаққанда 31,2-ні құрады. Мұның негізгі себептері аборттардың жоғары деңгейі мен сырқаттанушылықтың (жыныстық жолмен берілетін инфекциялар анемия) салдарынан болатын акушерлік қан кетулер, гестоздар, экстрагениталдық патология болып табылады. Бұл жағдай медициналық қызмет сапасының нашарлығынан және оны тиісті стандарттаудың болмауынан қиындай түседі.

**2-график. 2004 - 2008 жылдарда Қазақстан Республикасында ана (100 000 тірі туылғандарға шаққанда) мен нәресте өлім-жітімі көрсеткіштерінің серпіні (1000 тірі туылғандарға шаққанда)**  
(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Нәрестелер өлім-жітімі көрсеткіші соңғы жылдары төмендеу үрдісіне ие болды. 2008 жылдан бастап тірі туу мен өлі туудың жаңа өлшемдеріне көшкендіктен, бұл көрсеткіш болжанған 30,0 болғанда 1 000 тірі туғандарға шаққанда 20,76-ны құрады. 2008 - 2009 жылдары Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингі<sup>1</sup> (ЖБИ) нәтижесі бойынша, Қазақстан нәрестелер өлім-жітімінің деңгейі бойынша 1 000 тірі туғандарға шаққандағы (2007 жыл) 27,0 көрсеткішпен 87 орынды иеленді, бұл ретте

статистикалық деректердің айырмашылығы тірі туу мен өлі туудың халықаралық өлшемдерінің негізінде есептерді пайдаланумен түсіндіріледі. 2009 - 2010 жылдары (ЖБИ) нәтижесі бойынша Қазақстан өз позициясын жақсартып, 85 орынды иеленіп отыр. Нәрестелер өлім-жітімінің құрылымы дамыған елдердегі осындай жағдайға сәйкес келеді және алдын алуға болатын себептермен (асфиксия, туу кезеңдегі жарақаттар мен жұқпалар) түсіндіріледі. 2008 жылы бастап республикада аналар мен балалар өлім-жітімін төмендетудің 2008 - 2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру басталды, оның шеңберінде тірі туу мен өлі туудың халықаралық өлшемдері<sup>2</sup> енгізілген. Бағдарламаны іске асыру босандыру және балалар ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсартады, жаңа перзентханалар мен балалар ауруханалары салынатын болады, перинатология саласында озық технологиялар енгізілетін болады. 2009 жылы Аналар мен балалар өлім-жітімін төмендету үшін шұғыл шаралар қабылдау жөніндегі республикалық штаб ұйымдастырылды, Аналар мен балалар өлім-жітімін төмендету бойынша қысқа, орта және ұзақ мерзімді іс-шаралар жоспарлары бекітілді. Ана мен нәресте өлім-жітімінің күн сайынғы мониторингі жүргізілуде. Бұдан әрі ана мен нәресте өлім-жітімінің көрсеткіштерін төмендету үшін ұйымдастыру және технологиялық сипаттағы шаралар қабылданатын болады. Халықаралық тәсілдердің талаптарына сәйкес, жүктілік кезіндегі жағдайдың қайта қарастырылған клиникалық хаттамаларын енгізу, санитариялық авиация қызметін қамтамасыз ету, босануға жәрдем беретін және жас балалар қызметінің медицина қызметкерлерін жаңа технологияларға үйрету, каскадты тренингтер өткізу жоспарланып отыр.

Қабылданатын шаралар аналар өлім-жітімі көрсеткішін 31,0-38,0 деңгейінде тұрақтандыруға және нәрестелер өлім-жітімінің деңгейін 16,5-ке дейін төмендетуге мүмкіндік береді

**3-график. 2004 - 2008 жылдарда Қазақстан Республикасында туылу кезінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы**

**(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)**

Әлеуметтік мәні бар айтарлықтай экономикалық шығын әкеледі және күтілетін өмір сүру ұзақтығын төмендетеді, 2008 жылы өмір сүру ұзақтығының деңгейі 67,11 жасты құрады (2008 - 2009 жылдары ЖБИ рейтингінде Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы бойынша 64 жастық көрсеткішпен Қазақстан 101 орынға ие болды. 2009 - 2010 жылдардың ЖБИ нәтижесі бойынша Қазақстан өзінің жағдайын жақсартып, 85 орынды алып отыр. Қанайналым жүйесінің аурулары, қатерлі ісіктер, туберкулез бен АИТВ/ЖИТС - тің мәні зор болып отыр.

Жалпы өлім-жітім құрылымында барынша үлкен үлес салмағы (50,3%) қанайналым жүйесінің ауруларына (ҚЖА) келеді. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2008 жылы ҚЖА-дан қайтыс болғандардың саны 76 750 адамды

құрады, бұл ретте еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесі (16-62 жас) 27%-дан аса құрады. ҚЖА-дан өлім-жітімді төмендету мақсатында Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде республиканың 10 облысында кардиохирургиялық бөлімшелер ашылды, 2009 жылдың соңына дейін Жамбыл, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында кардиохирургиялық бөлімшелер ашу жоспарланып отыр. 2012 жылға дейін 2 өңірлік кардиохирургиялық орталықтың құрылысын аяқтау жоспарланған. Қатерлі ісіктермен сырқаттанушылық көрсеткішінің кейбір төмендеуіне қарамастан (2004 жылғы 192,4,2-тен 2008 жылы 180,7<sup>3</sup>) асқынған нысандары көбейіп барады (57%), ал өлім-жітім жалпы өлім-жітім құрылымында үшінші позицияны иеленеді. Жағдайды жақсарту жөніндегі шаралардың қатарында қатерлі ісіктерді анықтаудың скринингтік бағдарламасын жалғастыру, онкологиялық қызмет ұйымдарын ресурстық жарақтандыру, дәрілік заттармен қамтамасыз етуді жетілдіру қажет. 2010 жылы сүйек кемігін трансплантаттау орталығы құрылады, онда сүйек кемігі ауыстырып қондыру бойынша операциялық жүргізілді

**4-график. Қазақстан Республикасында 2004 - 2008 жылдарда туберкулезбен сырқаттанушылық және өлім-жітім көрсеткіштерінің серпіні (100 000 адамға шаққанда) (диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)**

Өткен үш жылда туберкулезден сырқаттанушылық пен өлім-жітім көрсеткіші ( тиісінше 100 000 адамға шаққанда 154,3-тен 125,5-ке дейін және 20,6-дан 16,9-ға дейін) төмендегені белгілі болды, алайда, эпидемиологиялық ахуал қиын күйінде қалып отыр. 2008 - 2009 жылдардағы ЖБИ рейтингінде Қазақстан туберкулезбен сырқаттанушылық бойынша 94-орынды және туберкулездің бизнеске әсер етуі бойынша 111-орынды иеленді. 2009 - 2010 жылдардағы ЖБИ нәтижесі бойынша туберкулезбен сырқаттанушылықтың кейбір жағдайлары төмендеуі байқалып, Қазақстан 96-шы орынды, ал бизнеске әсер етуі бойынша - көрсеткіш жақсарып, 97-ші орынды иеленді. Жүргізіліп жатқан ауқымды құрылысқа (соңғы үш жылдағы туберкулезге қарсы 19 мекеме) БОТВ-плюс туберкулезді емдеу бағдарламасын іске асыруға қарамастан, туберкулездің таралуын эпидемиологиялық қадағалау, дәрі-дәрмекке тұрақтылықтың дамуы, туберкулезден өлім-жітім мәселелері өзекті болып қалуда. Бұл проблеманы шешу үшін туберкулезге қарсы қызмет жұмысының аудиті өткізіледі, туберкулезді диагностикалау стандарттарын, туберкулезге қарсы препараттардың сапасына қойылатын талаптарды, емдеуге жатқызу өлшемдері эпидемиологиялық мониторинг шараларын, материалдық-техникалық жарақтандыру стандарттарын қамтитын ведомствоаралық кешенді шаралар әзірленіп, енгізілетін болады. Бастапқы медициналық санитарлық көмектің (БМСК) туберкулездіерте анықтаудағы (ерте анықтау үшін стимулдарды енгізу) рөлі кеңейетін болады. Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жетілдіру мақсатында Денсаулық сақтау министрінің 2009

жылғы 6 наурыздағы № 125 бұйрығымен Көптеген дәріге көнбейтін туберкулез жөніндегі нұсқау және Туберкулезбен ауыратын сырқаттарды емдеудің хирургиялық әдістері туралы ереже бекітілген. Емдеуден жалтарып жүрген, аурудың жұқпалы түрлерімен ауыратын сырқаттарды мәжбүрлеп емдеу үшін төсек қуаттылығы 475 болатын 15 мамандандырылған бөлімше жұмыс істейді.

ДДҰ деректері бойынша Қазақстан АИТВ/ЖИТС індетінің шоғырланған сатысында тұр (1,1% орташа әлемдік көрсеткіште халық 0,012%). (1987 жылдан бастап) арту жиынымен 2009 жылғы 1 шілдеде 12 807 АИТВ жұқтырған адам тіркелді. 2008 - 2009 жылдары ЖБИ рейтингінде Қазақстан АИТВ-ның таралуы бойынша 23-ші орынды және АИТВ-ның бизнеске әсер етуі 95-ші орынды иеленді. 2009 - 2010 жылдары рейтинг нәтижелері бойынша көрсеткіштердің айтарлықтай жақсарғаны байқалады: АИТВ-ның таралуы бойынша 15-ші орын, ал АИТВ-ның бизнеске әсер етуі бойынша 85-ші орынды иеленді. Индеттің шоғырланған сатысында АИТВ жұқпасының таралуын тұрақтандыру мақсатында алдын алу іс-шараларын кеңейтуді, сондай-ақ оған ЖИТС-пен ауыратын сырқаттар мұқтаж вирусқа қарсы терапияны толық көлемде қамтамасыз етуді көздейтін 2010 жылға дейін Қазақстан Республикасында ЖИТС індетіне қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламаны іске асыру жалғастырылатын болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (2000) халықтың сырқаттанушылығы мен өлім-жітімінің 130 негізгі себептері тізбесіне қосқан созылмалы вирусты гепатитпен сырқаттанушылықты төмендету мақсатында Министрлік нысаналы топтарға ерекше назар аудара отырып, бауырдың созылмалы вирусты аурулармен ауыратын адамдардың ұлттық тіркелімін құруға, сондай-ақ пациенттерді вирусқа қарсы терапия дәрі-дәрмегімен қамтамасыз етуді қолдаудың мемлекеттік жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар әзірлеуді жоспарлауда.

Жарақаттардан, жазатайым оқиғалардан және уланулардан болатын өлім-жітім Қазақстан Республикасы халқының өлім-жітім себептерінің ішінде екінші орында тұр. Жарақаттанушылықты төмендету үшін жарақаттану кезінде медициналық көмек көрсету стандарттарын әзірлеу, жедел медициналық жәрдем қызметінің, магистралдық жолдардың бойында орналасқан ауруханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту қажет. Одан басқа, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өндірістегі еңбек қауіпсіздігін сақтауды күшейту проблемалары бойынша көлік-коммуникациялық кешен қызметтерімен бірлесіп іс-қимылды үйлестіруді күшейту қажет. Республика тұрғындарын білікті жедел медициналық көмегімен толық қамтамасыз ету мақсатында «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ көлік медицинасын дамыту бағдарламасын әзірлейтін болады.

Санитариялық-эпидемиологиялық ахуалды одан әрі тұрақтандыру және қоғамдық денсаулық сақтауды жақсарту өзекті міндет күйінде қалып отыр. 2009 жылы халықтың обамен сырқаттануы тіркелген жоқ, халықтың сырқаттануын болдырмау бойынша санитариялық-профилактикалық шараларды жүргізу барысында республиканың обаға

қарсы күрес станциялары 729 574,3 шаршы шақырым алаңдағы аумақты оба бойынша эпизоотологиялық тексеру, 1377,43 шаршы метр алаңда кенттік дератизация, 955,65 шаршы метр алаңда кенттік дезинсекция жүргізді. Эндемиялық аудандарда 113615 адам о баға қарсы егілді.

Бұрқ етуі шекаралас елдерде тіркеліп жатқан аса қауіпті және инфекциялық аурулардың (қалыптан тыс пневмония, құс тұмауы, H1N1 типті тұмауы, 71 типті энтеровирусты жұқпа және т.б.) келу қаупіне байланысты эпидемиологиялық ахуалдың шиеленісу қаупі сақталып отыр.

ДДҰ деректері бойынша адам денсаулығының 50%-ы өмір сүру салтына, көптеген созылмалы жұқпалы емес ауруларға (жүрек-қан тамыры жүйесі аурулары, қант диабеті және т.б.) байланысты болады, сондай-ақ адамның өмір сүру салтына байланысты болады. Соған байланысты қазақстандықтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене шынықтыруды дамыту маңызды болып отыр. Осы мақсатта шеңберінде денсаулық сақтау бюджетінен салауатты өмір салты бағдарламасын қаржыландыру ұлғаятын 2008 - 2016 жылға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасын іске асыру басталды. Саланың профилактикалық бағыттылығы күшейтіліп, халықтың жекелеген санаттарын профилактикалық тексерулерімен қамту ұлғаятын болады, азаматтардың және бірінші кезекте балалардың дене белсенділігін арттыру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады. Әлеуметтік тапсырысты орналастырудың арқасында үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық кеңейтілетін болады. Одан басқа, азаматтардың денсаулығын нығайту үшін дұрыс тамақтану және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласында стратегия қабылданатын болады. 2009 жылы «Салауатты өмір салты» бағдарламасының іс-шараларын іске асыру үшін ағымдағы нысаналы трансферттермен 1045,853 млн. теңге бөлінген, бөлінген қаражат ақпараттық-білім беру материалдарын шығаруға, жастарға арналған денсаулық орталықтарды ашуға және салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметін ресурстық жарақтандыруға бағытталатын болады.

Психоактивті заттарды қолдануымен байланысты психикалық бұзылулармен және мінез-құлықтың бұзылулары сырқаттанушылығы жоғары деңгейде қалып отыр, 2008 жылы бұл көрсеткіш 100 мың адамға шаққанда 391,7-ні құрады (2004 ж. - 404,1). Нашакорлықтың таралуының алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шаралардың шеңберінде 2009 жылы республиканың оқу орындарында психологиялық тестілеудің диагностикалық компьютерлік бағдарламасын апробациялау жүргізу және енгізу жоспарланды. Көрсетілген іс-шаралар 3 млн. теңге мөлшерінде қаржы шығыстарын көздейді, жалпы 2010 - 2012 жылдар аралығында 15 млн.теңге бөлу жоспарланған.

Сектораралық өзара іс-қимылды күшейту мақсатында 2009 жылы мүдделі мемлекеттік органдармен нәрестелердің өлім-жітімін, туберкулез және АИТВ жұқпасының таралуын төмендетуге, өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі индикаторларының деңгейін жақсарту бойынша тиісті



Одан басқа, Министрліктің стратегиялық жоспарының индикаторларына қол жеткізу мақсатында ағымдағы жылы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауын мемлекеттік басқару органдары мен денсаулық сақтау ұйымдары 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларды әзірлеу бойынша жұмыстары басталды. Ең үздік нәтижелерге жету үшін денсаулықты нығайту жөніндегі барлық ведомствоаралық бағдарламаларды біріктіруді, жетілдіруді және тиімді іске асыруды, тиісті салалық бағдарламалардың, атап айтқанда, жүрек-қан тамырлары ауруларының бастапқы алдын алу саласындағылардың профилактикалық бағытын күшейту жағынан қайта қарауды қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік бағдарламамен бекітілген БМСК басым түрде дамыту бойынша қажетті шаралармен қамтамасыз ету қажет, оның ішінде: азаматтардың дәрігерді еркін тандау құқықтарын іске асыру, жалпы дәрігерлік практиканы дамыту, БМСК кадрларын дамытудың экономикалық уәжі, осы секторда бәсекелестікті дамыту және басқалар. БМСК деңгейінде пациентке бағдарланған көмек (үйдегі патронажды дамыту, үй, күндізгі «стационарлар», амбулаториялардағы «жедел» желілер) қағидаттарын енгізу әлеуметтік елеулі ауруларды төмендету, сондай-ақ түпкілікті нәтижелерге жету бойынша бағдарламаларды іске асыру қажет.

Нәтижесінде орташа өмір сүру ұзақтығы ұлғаяды, аурулардың ауыртпалығы мен мінез-құлықтық қауіп факторлары төмендейді.

## **2) Денсаулық сақтауды басқару тиімділігінің жеткіліксіздігі**

Денсаулық сақтауға арналған мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына қарамастан (2003 жылғы 89,9 млрд. теңгеден 2009 жылғы 467,0 млрд. теңгеге дейін) ІЖӨ деңгейі - 2009 жылғы 2,7% денсаулық сақтау ісін тұрақты дамыту үшін жеткіліксіз болып отыр (ДДҰ мәліметі бойынша ІЖӨ-ден кемінде 5%). Соңғы жылдарда жан басына шаққандағы денсаулық сақтау шығыстары белгілі өсімге ие: 2003 жылғы 6026 теңгеден 2008 жылы 29 584 теңгеге дейін, сонымен бірге, бұл Ресей, Беларусь, Балтық елдері сияқты бұрынғы кеңес одағы елдеріндегі орташа шығыстан аз. Жағдай өңірлер бойынша ресурстарды тепе-тең бөлмеуге байланысты қиындауда, осылайша 2008 жылы бір тұрғынға есептелген ТМККК-не арналған шығыстарды бөлу 9302 теңгеден 19411 теңгеге дейін құрайды. Жыл сайын ұлғайтуға қарамастан (2003 жылғы 64,8 млрд.теңгеден 2008 жылғы 227,9 млрд. теңгеге дейін) ТМККК қаржыландыру сондай-ақ қосымша шығыстарды қажет етеді. Бағалау деректері бойынша нормативтердің шегінде қамтамасыз етілмеген көлем 114,0 млрд. теңгеден аса құрайды.

Қаржыландырудың (қор ұстау, тарификатор, екі компонентті жан басына шаққандағы норматив, клиникалық шығын топтары тиімді тетіктерін жеткіліксіз пайдалану, негізгі қорларды жаңартуды қоспайтын қолданыстағы тариф құру жүйесі), мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының нашар дербестігі және білікті менеджерлердің жоқтығы медициналық қызметтерді қамтамасыз етушілердің

бәсекелестіктерін дамытуды тежейді. Медицина қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу деңгейі өте-мөте төмен күйінде қалып отыр, бұл ұсынылатын қызметтің сапасынан байқалады. Осы проблемаларды шешу үшін денсаулық сақтауға арналған шығыстар ТМҚКК-не өңірлер аралық шығыстардың айырмашылығын кезең-кезеңмен азайта отырып ұлғаятын болады. 2009 жылы ТМҚКК-ні қаржыландыруды орташа республикалық деңгейіне кезең-кезеңмен жеткізу үшін Алматы, Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттермен 5,4 млрд. теңге бөлінген.

Өңірлік денсаулық сақтау әлеуетін дамыту үшін экономикалық преференциялар жүйелері мен өңірлер үшін стимулдар (трансферттік саясат) енгізілетін болады. ТМҚКК қызметіне тариф құру жүйесі жетілдірілетін болады, тарифке амортизациялық аударымдарды енгізу мәселесі анықталады, негізгі қорларды пайдаланудың тиімділігі артатын болады, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына басқару шешімдерін қабылдауда үлкен дербестік берілетін болады.

Бұдан басқа, денсаулық сақтау саласындағы басқару ұйымдарын құру, мемлекеттік медициналық ұйымдарды басқаруға жеке компанияларды тарту жоспарлануда, қазіргі заманғы басқару технологиялары енгізілетін болады. Денсаулық сақтау саласындағы менеджментті жақсарту мақсатында денсаулық сақтау менеджерлерін даярлаудың жаңа жүйесі (Ұлттық медициналық холдинг пен Еуразия Ұлттық Университетінің базасында МВА бағдарламасы) әзірленіп, енгізілетін болады.

2009 жылы Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы VAMED атты австриялық компанияға сенімгерлік басқаруға берілді. Аталған басқару тәжірибесі Холдингтің еншілес ұйымдарына таратылатын болады.

Денсаулық сақтау саласындағы саясатты іске асырудың тиісті тетіктерінің болмауы және денсаулық сақтауды қаржыландырудың жетілдірілмеуі басқару тиімділігінің жеткіліксіздігінен болып отыр. Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласындағы саясатты іске асыруды көбінесе мемлекеттік денсаулық сақтау бюджетінің қаражатын 60%-дан астамын әкімшілдіретін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Денсаулық сақтау басқармаларының басшылары министрліктермен келіспей тағайындалады, бұл бюджетті ұтымды жоспарлаудың бірыңғай саясатын іске асыру. Денсаулық сақтау басқармаларының басшылары Министрліктің келісімінсіз тағайындалады, бұл бюджетті жоспарлаудың бірыңғай ұтымды саясатын іске асыру кезінде іс-қимылдың келісімділігін қиындата түседі. Бұл жағдай нормативтік құқықтық базалардың жетілмеуінен қиындай түседі. Осы проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасының Президенті 2009 жылғы 18 қыркүйекте қол қойған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) жобасы әзірленген болатын. Кодексті іске асыру үшін халықаралық құқық нормаларымен үйлескен денсаулық сақтау стандарттары, нормативтер мен өзге де заңға тәуелді актілер жиынтығы әзірленеді. Сондай-ақ заңмен

Министрлікке фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті мемлекеттік реттеу жөніндегі өкілеттік бекітілетін болады. 2009 жылы өңірлердің әкімдерімен ағымдағы нысаналы трансферттер нәтижелері және дамытуға арналған нысаналы трансферттер бойынша келісімдер жасалды.

Денсаулық сақтау саласын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында пациенттің дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдау қағидатына, бәсекелестік орта құру мен медициналық қызмет көрсету үдерісінің айқындығына негізделген Қазақстан Республикасының бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі құрылатын болады. Бұл үшін 2010 жылдан бастап, денсаулық сақтау жүйесіне кезең-кезеңімен, денсаулық сақтау саласындағы осы күнгі бюджеттік модель негізінде ТМККК медициналық қызметтерін Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алушысы енгізілетін болады. ТМККК қаржыландыруды жетілдіру мақсатында өңірлер бойынша ТМККК-ні жан басына шағып қаржыландырудың бірыңғай көлемдері айқындалатын болады. Денсаулық сақтау саласындағы бюджеттерді бағдарламалық шоғырландыру жүзеге асырылады. ТМККК-ні жетілдіріп, оны нақтылау және оңтайландыру (объективті өлшемдер негізінде) және БМСК көледерін кеңейту жағына қарай медициналық көмек көрсетудің деңгейлері арасында қаржыландыруды қайта бөлу және мамандандырылған көмек көлемдерін оңтайландыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, көмекші ұрпақты болу әдісі және технологиялар бойынша қызметтерді қосу бөлігінде тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің тізбесін кеңейту жоспарланады.

Денсаулық сақтау саласындағы бәсекелестік пен жеке секторды дамыту мақсатында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (Дүниежүзілік банк қаржыландыратын бірлескен жоба шеңберінде), объектілерді, мүліктерді, жабдықтарды жалға беру, жеке компанияларды сенімді басқару кеңінен пайдаланылатын болады. Ынталандыратын тарифтік саясат енгізілді. Әкімшілік кедергілер жойылатын болады, корпоративтік медициналық ұйымдар мен қызметтерге қолдау көрсетіліп, ынталандырылатын болады.

Сонымен қатар қазіргі уақытта денсаулық сақтау саласындағы орындаушылық және қаржылық тәртіп бұзушылық орын алған. Бұл проблеманы шешу үшін 2009 жылы көрсетілген бұзушылықтарға жол бермеу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы, профилактикалық іс-шаралар кешені әзірленді, ол Денсаулық сақтау министрлігінде ғана емес, денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарының құрылымында да штат саны лимиті шегінде ішкі аудит қызметін құруды қамтитын болады.

БМСК қызметінің жеткіліксіз тиімділігі, ауруханалық сектор қызметінің жеткіліксіздігі, денсаулық сақтауды ақпараттандыру деңгейінің төмендігі саланың инфрақұрылым тиімділігінің аздығын айқындайды.

Қазіргі таңда денсаулық сақтау желісі 979 ауруханалық және 3155 амбулаториялық-емханалық ұйымдардан (оның ішінде 2265 БМСК ұйымдар) тұрады.

Ауруханалық төсектердің саны 2003 жылғы 101 168-ден 2008 жылғы 105 398-ге дейін ұлғайды. Жыл сайын шамамен елдің 18% халқы стационарларға емделуге жатқызылады, оның сараптамалық бағалау бойынша 30%-ға дейінгі сырқаттар стационарлық емдеуді қажет етеді; жедел медициналық жәрдемді (2004 жылғы 4 559 298-дан 2008 жылғы 4 978 393-ке дейін), оның ішінде нәтижесіз және негізсіз шақырулар саны ұлғаюда. Бұл жағдайды жақсарту үшін ауруханаларды нормалау және типтеу жолымен ауруханалық секторды қайта құрылымдау жүргізілетін болады. «100 мектеп пен 100 аурухана салу» жобасы шеңберінде салынып жатқан жаңа денсаулық сақтау объектілері іске қосу қолда бар төсек орнын ұтымды етуге мүмкіндік береді. Болашақ моделдің негізін көп профильді ауруханалар қалайды. Одан басқа, Астана қаласында өңірде жоғары мамандандырылған көмек көрсету үшін ғылыми, практикалық база, медицина кадрларын даярлау және қайта даярлау орталығы болатын Ұлттық медициналық холдинг дамитын болады. Мыналардың есебінен бастапқы буынды нығайту жүргізілетін болады: жалпы практика дәрігерлерін даярлау, сондай-ақ амбулаториялық-емханалық ұйымдардағы шұғыл көмекке мұқтаж емделушілердің мекен жайын өзгерте отырып, жедел медициналық жәрдемді қайта құру.

Денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында Дүниежүзілік Банкінің «Технологияларды беру және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау секторында институционалдық реформа жүргізу» жобасы шеңберінде инвестициялық саясат жетілдірілетін болады, бірінші кезекте ауылдық жерлерде денсаулық сақтау инфрақұрылымын регламенттейтін ұлттық стандарттар әзірленеді. Қазақстан Республикасының негізгі (тірек) қалаларында университет клиникаларын салу мен оларды дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы әзірленеді. Халыққа шұғыл медициналық көмек көрсетудің жүйесі (Ұлттық медициналық холдинг базасында) ж е т і л д і р і л е д і .

Денсаулық сақтаудағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның іс жүзінде толық болмауы, медицина қызметкерлерінің арасындағы компьютерлік сауаттылық деңгейінің төмендігі, емдеу-алдын алу процесін автоматтандырудың жоқтығы, сондай-ақ денсаулық сақтауды ақпараттандыруды нормативтік-құқықтық реттеу саласындағы мәселелердің шешілмеуі денсаулық сақтаудағы ақпараттық технологиялардың даму проблемасын қиындата түседі. Бұл проблемаларды шешу үшін 2005 жылдан бастап пилоттық өңірлерде, кейіннен бүкіл елді қамтитын Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (ДБАЖ) жүзеге асырылуда. 2004 жылдан бастап өңірлік телемедициналық желісі құрылды, ал 2009 жылдан бастап Министрлік алдыңғы қатарлы шетелдік клиникалармен телемедициналық консультациялар өткізу мүмкін болатын ұлттық телемедициналық желіге өңірлік телемедициналық желілерді, алдыңғы қатарлы республикалық клиникаларды біріктіруге кірісті. 2009 жылы ДБАЖ-ды енгізуді және дамытуды қамтамасыз ету және де өңірлік ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру мақсатында Республикалық ақпараттық-талдау орталығы

қ ұ р ы л д ы .

Медициналық қызмет сапасы деңгейінің нашарлығы, дәрілік заттарға жеткіліксіз қолжетімділік пен сапа медициналық көмек сапасы деңгейінің нашарлығымен т ү с і н д і р і л е д і .

2007 жылы<sup>4</sup> өткізілген халықтан кең көлемді сұхбат алу мәліметтері бойынша сұралғандардың тек 46,9%-ы ғана денсаулық сақтау ұйымдарындағы емдеу сапасының жақсарғандығын айтты. Сонымен бірге, емдеу нәтижесінде алынған, оның ішінде мүгедектікке және өлімге әкеліп соқтырған асқынуларға байланысты халық шағымдарының саны ұлғаюда. Жыл сайын шамамен 70% шағым негізді деп танылады. Дүниежүзілік тәжірибе медициналық қызметтің сапасын арттыру үшін мыналар қажет екендігін көрсетеді: білікті кадрларды тұрақты даярлау, медициналық көмекті стандарттау, денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеу. Бұл мәселені шешу үшін аурулардың диагностикасы мен емдеуінің 300 кезеңдік хаттамасы әзірленіп, пайдаланылуда, стандарттар мен аккредиттеу тәртібі бекітілді, тәуелсіз сарапшылар сыртқы сараптама жүргізеді. Сапасыз медициналық көмек бойынша азаматтардың өтініштерін объективті қарау үшін қазіргі уақытта әртүрлі медициналық бейіндер бойынша 200-ден астам мамандар мен 14 қоғамдық бірлестіктер аккредиттелді.

Республикада медициналық қызметтің сапасын арттыру мақсатында медициналық ұйымдардың деңгейінде (ішкі аудит) сапаны басқарудың ішкі жүйесі енгізілді. Клиникалық практиканың сапасын арттыру және медициналық технологияларды бағалау (дәлелді медицинаның қағидаттарын стандарттау, енгізу негізінде) енгізу, сервис және пациентке бағдарланған технологияларды дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Медициналық көмектің сапасының ішкі аудиті жетілдірілетін болады. Сапаны басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізудің қисынды жалғасы денсаулық сақтау объектілерін аккредиттеу болады. Бірінші кезеңде (2009 жылдан бастап) медициналық ұйымдарды аккредиттеу ұлттық стандарттардың негізінде, екінші кезеңінде (2016 жылдан бастап) халықаралық стандарттарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады.

Пациенттің қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жұмыстары жалғастырылуда: өңірлік денсаулық сақтауды басқару органдарының жанынан Пациенттердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық комитеттер құрылады. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жалғасуда, денсаулық сақтауды басқару органдарының қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл бағдарламалары іске асырылатын болады.

Соңғы үш жылда қазақстандық дәрілік заттар нарығының көлемі шамамен 2 есе ұлғайды және 125 млрд. теңгені құрады. Осыған қарамастан, дәрілік заттарға қолжетімділік пен сапасы проблема күйінде қалып отыр. Қазіргі таңда дәрілік заттарға арналған бағаның тұрақты өсуі (20% дейін), облыстардың арасында жекелеген

препараттарға арналған халықаралық орташа бағалардың артуы және дәрілік заттарға бағалардың жоғары қойылуы (30-50%-ға) байқалуда. Ауылдық жерлердегі фармацевтикалық қызмет объектілерінің желісі нашар дамыған, одан басқа, ТМККК көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алу жүйесі орталықсыздандырылған және халық пен денсаулық сақтау ұйымдарын дәрілік заттармен жедел және үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында 2009 жылғы 1 шілдеден бастап ТМККК-нің шеңберінде дәрілік заттар дистрибуциясының бірыңғай жүйесі енгізілді.

Дәрілік заттармен қамтамасыз етудің жаңа моделін және фармация саласында мемлекеттік стандарттарды енгізу бойынша Мемлекет Басшысының берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында сатып алуды өткізу кезінде Денсаулық сақтау министрлігінің басым міндеттері барынша айқындық, отандық өндірушілерді қолдау және бюджеттік қаражаттарды үнемдеуге қол жеткізу болып табылады. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттар дистрибуциясының бірыңғай жүйесі мен мемлекеттік реттеу одан ары дамиды.

Барлық денсаулық сақтау ұйымдарында Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың формулярлық жүйесі енгізілді. Дүниежүзілік банктің жобасын іске асыру шеңберінде халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін, дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, дәрілік заттарды тіркеу мәселесін, халықаралық стандарттарды фармацевтика саласына енгізу мәселелерін, бағаны реттеу мәселелерін шешу және т.б. жоспарланып отыр.

Жоспарланып отырған шаралар бүкіл халықтың сапалы дәрілік заттарға тең қолжетімділігін, қаржыларды тиімді пайдалануды және дәрілік заттарға арналған бағаның жыл сайын өсуін төмендетуді қамтамасыз етеді, ТМККК шеңберінде сатып алынатын дәрілік заттардың көлемі мен тізбесін кеңейтеді және отандық фармацевтикалық өнеркәсіптің дамуы үшін жағдай жасайды.

### **3) Кадр ресурстары мен медицина ғылымын дамыту жүйесінің жетілмеуі.**

Медицина кадрларының тапшылығы, кәсіби даярлық сапасының нашарлығы және үздіксіз кәсіби білім жүйесінің жоқтығы кадр ресурстарын басқару жүйесінің жетілмегенін көрсетеді. Бұл сондай-ақ, отандық ғылыми зерттеулердің халықаралық талаптарға сәйкес еместігі болып табылады, бұл денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілетсіздігін білдіреді.

Жыл сайын кадр тапшылығы проблемасы өсуде. Халықтың барлық мамандықтар бойынша дәрігер кадрлармен қамтамасыз етілуінің ұлғаюына қарамастан (10 000 адамға шаққанда 2003 жылғы 36,5-тен 2008 жылғы 37,4-ға дейін), практикалық бейін дәрігерлерімен қамтамасыз ету бірнеше жылдар бойы іс жүзінде бір деңгейде қалып отыр. Медициналық ұйымдарды дәрігерлермен (2004 жылғы 96,2%-дан 2008 жылғы 92,8%-ға дейін) және орта медицина қызметкерлерімен (98,3-тен 97,2-ге дейін) толықтыру төмендеуде. Ауылдық өңірлерде бұл көрсеткіш тым нашар.

Дәрігер кадрлардың «қартаю» үрдісі байқалып отыр: 50 жастан асқан адамдар саны 2009 жылы 28,2%-ды құрайды (2006 жылы 27% болған). 25 жылдан астам өтілі бар мамандардың үлес салмағы ұлғаюда, бұл жас кадрлардың келуінің азайғанын айғақтап отыр. Қазіргі ахуал кадр ресурстарын дамыту тұжырымдамасының болмауынан  
ш и е л е н і с е т ү с у д е .

Одним из приоритетных направлений Послания Главы государства народу Казахстана от 6 марта 2009 года "Через кризис к обновлению и развитию" является переподготовка кадров. В условиях кризиса ожидается, что наряду с дефицитом медицинских кадров наступит спрос на рабочие места в организациях здравоохранения. Ожидаемый приток медицинских кадров составляет 1 601 врача и 2 378 средних  
м е д и ц и н с к и х р а б о т н и к о в .

Қазіргі таңда медициналық жоғары оқу орындары студенттерді іс жүзінде даярлау үшін жеткілікті базасы жоқ - алты мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының тек екеуінде ғана жеке клиникалары бар. Бұл нәтижесінде нашар теориялық даярлықпен оқу бітірушілерде жалпы кәсіби және жалпы дағдылары мен іскерлігінің қажетті жиынтығының жоқтығына әкеп соғады.

Оқу бітірушілердің клиникалық даярлығының сапасын арттыру үшін 2012 жылдан бастап 4 медициналық жоғары оқу орны үшін университеттік клиникаларды салу басталады, оқу-клиникалық жабдықтарды сатып алу жалғасады. Медициналық ЖОО-ға қабылдау ұлғаятын болады, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар оқу бітірушілердің саны өседі, үздіксіз кәсіби даму жүйесі енгізілетін болады.

Денсаулық сақтау саласының кадр ресурстарын дамыту мақсатында денсаулық сақтау жүйесіндегі кадр ресурстарын болжаудың, жоспарлаудың және басқарудың сапалы бағдарламасы әзірленетін болады, кадр әлеуетін пайдаланудың тиімділігі, кейбір медициналық қызметтерді орындау үшін медициналық білімі жоқ қызметкерлерді жүйелі тарту көбейеді.

Келісім-шарт негізінде денсаулық сақтау мамандарын даярлауға, соның ішінде жеке инвестициялар және демеушілік қаражатты тарту жолымен жергілікті атқару органдарының мақсатты тапсырыстарын қалыптастыра отырып, салаға, әсіресе ауылға кадрларды бекіту жүйесі құрылатын болады.

Медицина ғылымы саласы халықаралық стандарттардан айтарлықтай артта қалып отыр: сондай-ақ, соңғы жылдары жоғары білікті мамандардың кетуі байқалады: егер 2003 жылы ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің саны 3 824-ті құраса, 2006 жылы - 3 693-ті құрады. Одан басқа басқару жүйесі мен ғылымды қаржыландыру тетіктері тиімсіз, бұл ретте дәлелді медицина принциптері пайдаланылмайды, ғылыми зерттеулерді этикалық бағалау институты дамымаған. Ғылыми жұмыста онсыз зерттеу нәтижесі дүние жүзінде танылмайтын тиісті халықаралық стандарттар қолданылмайды. Соның салдарынан ғылыми зерттеулердің нәтижелері практикада талап етілмейді, халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланбайды, яғни бәсекеге қабілетсіз.

Ғылыми ұйымдардың басқару принциптерінен түпкілікті нәтижеге бағдарланған ғылыми зерттеуді басқару принциптеріне өту, тиісті ғылыми практиканың халықаралық стандарттарын енгізу, дәлелді медицина орталықтарын құру, ғылыми зерттеулер менеджменті бойынша ғылыми кадрларды даярлау, тиісті инфрақұрылым құру осы проблеманың шешімі болып табылады.

Жүргізілген талдау мен анықталған проблемалардың негізінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қызметтің бағыттарын белгіледі.

<sup>1</sup>The Global Competitiveness Report 2008-2009 (World Economic Forum, 2008)

<sup>2</sup>The Global Competitiveness Report 2008-2009 (World Economic Forum, 2008)

<sup>3</sup> Мұнда және одан әрі мәтін бойынша сырқаттанушылық көрсеткіші 100 000 адамға

<sup>4</sup> Халықтың денсаулық сақтау қызметі туралы ой-пікірі (ҚР ДСМ социологиялық зерттеуі, 2007 ж.)

### 3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

1. Азаматтардың денсаулығын нығайту

2. Денсаулық сақтау жүйесін басқарудың тиімділігін арттыру

3. Кадр ресурстарын және медицина ғылымын дамыту

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
		2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1 - Стратегиялық бағыт. Азаматтардың денсаулығын нығайту								
1.1 - мақсат. Ана мен бала денсаулығын сақтау								
Нысаналы индикаторлар:								
Ана өлімін 31,0 - 38,0 деңгейінде ұстау	жаңа туған 100 мың нәрістерге шаққанда	31,2	37,0	31,0-38,0				
Сәбилер өлімін тұрақтандыру және азайту* ДДҰ ұсынған 2008 жылы енгізілген тірі және өлі туу өлшемдерін ескере отырып	1000 тірі туғандарға шаққанда	20,76	18,8	18,5	18,0	17,5	17,0	16,5
1.1.1 - міндет. Әйелдердің денсаулығын нығайту								
Сүт бездерінің және жатыр мойны обырын ерте сатыларда (I-II) анықтауды ұлғайту *	%	69,8/ 76,3	70,0/ 76,5	70,2/ 76,7	70,4/ 76,8	70,6/ 77,0	70,8/ 77,3	71,0/ 77,5
Аборттар санын азайту	ұрпақты болу жасындағы 1 000 әйелге шаққанда	28,1	27,5	27,3	27,2	27,0	26,8	26,5
1.1.2 - міндет. Балалардың денсаулығын нығайту								
Тек қана емшек сүтімен қоректенетін 6 айға дейінгі балалардың үлесін көбейту	%	77,0	76,2	77,7	77,9	78,0	78,3	78,5



5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімін азайту * (ДДҰ ұсынған тірі және өлі туу өлшемдерін ескере отырып)	1000 тірі туғандарға шаққанда	23,52	22,4	21,5	20,5	19,0	18,0	17,0
Жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіштері: Балалар өлім-жітімі		87	85	83	80	75	70	
1.2 - мақсат. Әлеуметтік елеулі аурулардың ауыртпалығын азайту								
Нысаналы индикатор:								
Туберкулезден өлім-жітімді азайту*	100 000 адамға шаққанда	16,9	15,0	14,5	14,1	13,7	13,3	12,9
1.2.1 - міндет. Жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары кезінде медициналық көмекке және дәрілік заттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету								
Жүректің ишемиялық ауруынан болған өлім-жітімді азайту*	100 000 адамға шаққанда	222,95	209,0	206,0	200,0	195,0	193,0	190,0
1.2.2 - міндет. Онкологиялық ауруларды ерте анықтау және уақтылы емдеу								
5 және одан көп жыл қатерлі ісікпен ауыратын сырқаттардың үлес салмағының ұлғаюы*	%	48,2	48,4	48,6	48,8	49,0	49,2	49,4
Қатерлі ісіктерді ерте сатыларда (I-II) анықтауды ұлғайту (% , орташа республикалық көрсеткіш)*	%	45,1	45,3	45,5	45,7	45,9	46,1	46,3
1.2.3 - міндет. Фтизиатриялық көмекті жетілдіру								
Туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткішін төмендету*	100 000 адамға шаққанда	125,5	105,4	98,5	97,0	95,6	94,1	92,7
БК+* Алғаш рет анықталған туберкулезбен ауыратын науқастардың арасында емделгендердің үлес салмағын көбейту	%	69,4	76,5	76,7	76,0	77,0	78,5	80,0
Жаһандық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші: Туберкулезбен сырқаттанушылық деңгейінің төмендеуі Туберкулездің экономикалық шығындары		94	96	94	92	89	86	
		111	97	92	87	82	77	
1.2.4 - міндет. ЖИТС індетіне қарсы іс-қимылдар								
15-49 жастағы топтарда 0,6%* аспайтын деңгейде АИТВ - жұқпасының таралуын тоқтату**	%	0,012	0,023	0,3	0,4	0,4	0,5	0,6
Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінің көрсеткіші : АИТВ-ның таралуы АИТВ/ЖИТС-тың іскерлік әсері		23 95	15 85	17 87	17 87	18 88	18 88	
1.2.5 - міндет. Нашақорлықтың таралуына қарсы әрекет								
Психобелсенді заттардан тәуелді болу қаупін психологиялық тестілеу компьютерлік бағдарламасына оқытылған мамандардың саны	адам	-	90	120	150	-	-	-
Психобелсенді заттардан тәуелді болу қаупі бар анықталған тұлғалардың үлес салмағының көбеуі	%	-	5	10	20	-	-	-
1.3 - мақсат. Жарақаттану ауыртпалығын азайту								
Нысаналы индикатор:								
Жарақаттанудан өлім-жітімді азайту	100 000 адамға шаққанда	125,2	120,0	119,0	117,0	115,0	114,0	113,0
1.3.1 - міндет. Жарақаттану кезінде уақтылы медициналық көмек көрсету								

Жарақаттардан болған мүгедектікті азайту	10 мың адамға шаққанда	5,0	4,9	4,7	4,6	4,5	4,3	4,2
1.4 - мақсат. Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету								
Нысаналы индикатор:								
Обамен сырқаттанушылықты 0,03 деңгейінде ұстау	100 000 адамға шаққанда	0,03	0,03	0,03	0,03	0,03	0,03	0,03
1.4.1 - міндет. Аса қауіпті жұқпаларымен және басқа да жұқпалы аурулар мен сырқаттанушылықтың алдын алу және азайту								
Сальмонеллезбен сырқаттанушылық көрсеткішін тұрақтандыру	100 000 адамға шаққанда	20,8	20,8	20,8	20,8	20,8	20,8	20,8
1.4.2 - міндет. Вакцинамен басқарылатын жұқпалардың алдын алу								
Қызылшамен сырқаттанушылықты 0,08-0,1 деңгейінде ұстау	100 000 адамға шаққанда	0,13	0,08-0,1	0,08-0,1	0,08-0,1	0,08-0,1	0,08-0,1	0,08-0,1
Жіті В вирустық гепатитімен сырқаттанушылық көрсеткішін төмендету*	100 000 адамға шаққанда	4,4	4,2	4,0	3,9	3,8	3,6	3,4
Жіті А вирустық гепатитімен сырқаттану көрсеткішін төмендету*	100 000 адамға шаққанда	40,4	40,2	40,0	39,8	39,6	39,4	39,2
1.4.3 - міндет. Ауыз су қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу								
Қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз етілген халықтық үлес салмағын көбейту	%	79,3	82,0	82,5	83,0	83,5	84,0	85,0
1.5 - мақсат. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және салауатты тамақтану								
Нысаналы индикатор:								
Күтілетін өмір сүру ұзақтығын ұлғайту *	жыл	67,11	67,11	67,7	68,0	68,3	68,6	68,9
Жаһандық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші: Өмір сүру ұзақтығы		101	100	100	100	100	100	
1.5.1 - міндет. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметінің желісін дамыту								
Аудандық деңгейінде салауатты өмір салтын қалыптастыру құйымдарының желісін дамыту ( аудандырында СӨС кабинеттерінің болуы)	СӨС кабинеттері	-	40	50	60	70	75	80
Жастар денсаулық орталықтарын дамыту	орталықтардың саны	-	14	17	20	25	25	25
